



Сыр бойы

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

№110
(20184)



ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ

30 ЖЫЛ

22 шілде, бейсенбі 2021 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

www.facebook.com/syrboyi.kz/

www.instagram.com/syrboyi_kz

https://twitter.com/syrboyi

t.me/syrboyi_kz

● ПРЕЗИДЕНТ

Мемлекет басшысы облыс әкімінің есебін тыңдады

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев телефон арқылы Қызылорда облысының әкімі Гүлшара Әбдіқалықованың есебін тыңдады. Мемлекет басшысы өңірдегі қазіргі санитарлық-эпидемиологиялық және әлеуметтік-экономикалық ахуалды талқылады.

Облыс әкімі Президентке коронавирус індетімен күресте жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы есеп берді. Қазіргі кезде өңірдегі вакцина салдыруға тиісті тұрғындардың 52 проценті екпе алды.

Сонымен қатар облыс әкімі аймақтағы су шаруашылығына қатысты жағдайды да баяндады. Сырдария өзені арқылы облысқа секундына 550 текше метр су келуде. Шаруашылық субъектілеріне су беру кезегі мен оның көлемін анықтайтын жұмыс комиссиясы құрылды.

Бүгінде Арал ауданында 12 шілдеде төтенше жағдай жарияланған. Осыған байланысты Үкімет резервінен және облыстық бюджеттен жем-шөп субсидиясына, сондай-ақ, су арналарын тазартуға және ұңғымалар қазуға қаржы бөлу туралы шешім қабылданды.

Мемлекет басшысы Қызылорда облысының әкіміне халықты вакциналауға қатысты ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын күшейтуді, мұнай-газ саласындағы проблемаларды шешу үшін кешенді амал қарастыруды, сондай-ақ, Қызылорда облысына қарасты аудандардағы зардап шеккен шаруашылық субъектілеріне жем-шөп дайындауды қамтамасыз етуді тапсырды.



ТӨРЛЕТ, ТОКИО ОЛИМПИАДАСЫ

Быттыр дүние жүзін дүрбеленте салған қатерлі індет салдарынан бір жылға кейін шегерілген Токио Олимпиадасының алауы жағылатын сәт туды. Ертең, 23 шілдеде күллі әлем жұртшылығы Күншығыс еліне көз тігеді. Айта кетерлігі, айтулы аламанда 2020 логотипі сақталады. Жарыстар 24 шілде мен 8 тамыз аралығында өткізіледі.

Әділжан ҰМБЕТ,
«Сыр бойы»

Әдетте, мұндай доданы ұйымдастырушылар ашылу салтанатын айрықша өткізуге тырысатыны белгілі. Жер шарына түрлі тың идеясымен танымал жапон жұртшылығы алдағы Олимпиада бұрын-соңды болмаған ең инновациялық шара ретінде елдің есінде қалатынын айтады.

Олимпиаданың ашылу және жабылу салтанаты барынша жеңілдетіліп, жарысқа келетін делегациялардың құрамындағы адамдардың санын қысқарту жоспарланып отыр. Қолданыстағы шектеулер оларға қалай әсер ететіні белгісіз, өйткені қазіргі уақытта Жапония шекарасы негізінен шетелдіктер үшін жабық.

Биыл дүбірлі долада 33 спорт түрінен 339 медаль жиынтығы сарапқа салынады. Олимпиада бағдарламасына бейсбол/софтбол, каратэ, серфинг, спорттық күзге өрмелеу және скейтбординг секілді спорттың бес түрі енгізілген. Алдын ала мәлімет бойынша айтулы аламанға жұмыр жер бетіндегі 206 мемлекеттен 11090 спортшы қатысады деп күтілуде. Жарысқа қатысушылардың 49%-і әйелдер болмақ. Ұйымдастырушылар оны гендерлік теңдікті білдіретінін айтады.

Қазақстандық 95 спортшы күншығыс еліне спорттың 27 түрінен бақ сынайды. Қазақстан Ұлттық олимпиадалық комитеті Токио Олимпиадасының іріктеу және рейтингтік жарыстары аяқталғаннан кейін қорытынды шығарды.

Токио төрінде Қазақстан жалауын қызылордалық боксшы Қамшыбек Қоңқабаев пен жеңіл атлет Ольга Рылакова ұстап шығады. Айта кетерлігі, жерлесіміз – біздің өңірден мұндай мәртебеге ие болған тұңғыш спортшы.

Талай дүбірлі долада жеңіс тұғырынан көрінген саңлақтарымыз жарыс бағдарламасына алғаш енгізілген спорттық күзге өрмелеу және каратэ секілді сайыс түрлерінен ел намысын қорғайды. Олардың қатарында каратэ бойынша ерлерден Дархан Асаділов, Нұрқанат Әжіқанов, Данияр Юлдашев, қыздардан Мөлдір Жаңбырбай мен Софья Берульцева, ал күзге өрмелеуден Ришат Хайбуллин бақ сынайды.

4-бет

● ТОЛҒАНДЫРАП ТАҚЫРЫП

Жеңіл өнеркәсіптің ауыр жүгі



Елімізге әлем елдерінің бірталайынан киім импортталады. Оның ішінде алыстағы Лаос, Гватемаладан бастап, Түркия, Италия, көрші Қытай мен Ресей бар. Қазақстанға әкелген жеңіл өнеркәсіп өнімі экспорттан 30 есе асып түседі. Негізгі импортшылар арқылы жыл басынан Өзбекстан мен Ресейден 18,1 мың тонна киім келген. Басқа елдерден сомасы 350,8 млн доллар тұратын 44,2 мың тонна киім жеткізілген. Әлемнің басқа елдерінен келген импорттың 85,1%-і Қытайға тиесілі.

Иә, үстіміздегі жейде, шалбар, аяқ киім, бас киім, тіпті шұлығымызға дейін өзге елдің өнімі екені жасырын емес. Отандық киімді тұтынатындар саны санаулы. Себебі, қара базардағы киім-кешектің бәрі қытай, түрік, қырғыз, өзбек елінен келген. Ал, өзіміздің ісемерлердің қолынан шыққан дүниені сатып алуға қалта көтермейді. Өйткені, шикізат бәрібір сырттан келетіндіктен, бағасы тым қымбат. Сондықтан да қарапайым жұрт қытай мен қырғыздың сапасыз әрі арзан киімдерін сатып алады. Неліктен? Жауап іздеп көрейік.

Айсауле ҚАРАПАЕВА,
«Сыр бойы»

«ТІГІН МАШИНАСЫН ЖӨНДЕЙТІН ШЕБЕР ЖОҚ»

Облыстық жеңіл өнеркәсіп қауымдастығының төрайымы Дина Махатованың айтуынша, жасалып жатқан шаруалар бар дегенмен өте мардымсыз.

Біздің қауымдастыққа әзірге 20-ға жуық шағын тігін, тоқыма, аяқ киім шығаратын кәсіпкер тіркелген. Пандемияның залалы қауымдастық мүшелеріне де өз әсерін тигізбей қоймады. Мектепке оқушы бармағандықтан, көп тігіншілер түрде болса, форма тігуді қолға алар едік. Бұл бағытта білім басқармасымен келіссөз жасауды ойластырып отырмыз. Мен өзін «Ас-қа» деп аталатын ЖШС директорымын. Жұмысшыларға арналған киімдер, қолғап тігеміз. Бір қолғапты тігу үшін қанша еңбек, төзім керек екенін қарапайым адам түсінбейді. Айталық, теріні сырттан алдырамыз. Оның 1 дециметрі 80 теңге тұрады. Тері болғандықтан ол созылады, жыртылады. Ал теріге шыдас беретін тігін машинасы аяқасты істен шықса, оны жөндейтін қала бойынша бір ғана шебер бар. Міне, біздің мәселе осындай. Өңірдегі кәсіптік-техникалық оқу орнының бірде-бірінде тігін машинасын жөндейтін маман даярланбайды. Өскемен мен Қостанайда мұндай оқу орындары бар. Заманауи үлгідегі тігін машинасымен жұмыс жасау кәсіпкерге өте оңай әрі өнімді. Алдағы

уақытта қауымдастық мүшелерін Шымкент қаласына апарып, әріптестеріміздің жасап жатқан жұмыстарымен таныстырып, тәжірибе алмассақ деймін. Себебі, оларда үлкен-үлкен зауыт, фабрикалар жетерлік. Ауызбен айтқаннан, көзбен көрсетіп біздің кәсіпкерлер де жұмысты алға қойа болатынына сенер еді, – дейді Дина Ордабекқызы.

Тігіншілер отандық өнімді дамытуға, оны халыққа ұсынуға еңбектеніп жатыр-ақ. Алайда, көлденең кездесетін кедергілер тұсау болып тұр. Жұртшылықты күнделікті киетін киімдермен, аяқ киіммен, балалар киімімен қамтамасыз еткілері де келеді. Сырттан келетін арзанқол дүниелердің молдығы мен қолдаудың аз болуы ойлаған мақсатты жүзеге асырмай отыр.

ТЕРІДЕН ПАЙДА ТАППАЙМЫЗ...

Тері өнімдері дейміз. Алайда өңделген терінің өзі сырттан келеді. Мал терісінің сырт мемлекеттерге, негізінен, Қытайға шикізат түрінде арзанға сатылып, кейін дайын өнім түрінде бірнеше есе қымбат бағамен кері қайтатынын Мәжіліс депутаттары мәселе етіп көтерді. Олардың дерегіне, шамамен 2 млрд еуро тұратын мал терісі көлемі жолдармен елімізден тысқары әкетіледі және олар мемлекеттік органдардың есептеріне еңбей қалады.

2-бет

● БҮГІНГІ КҮННІҢ МӘСЕЛЕСІ



Су көлемі көбейетін болды

Бұл туралы ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрі Мағзұм Мырзағалиев пен Өзбекстан Республикасының Су шаруашылығы министрі Ш.Хамраевпен кездесуі барысында белгілі болды.

Ташкент қаласында ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрі М.Мырзағалиев пен Өзбекстан Республикасының Су шаруашылығы министрі Ш.Хамраев кездесті.

Тараптар Сырдария өзенінің орта және төменгі ағысындағы су жағдайын жақсарту жөніндегі бірлескен шараларды талқылады.

Кездесу соңында Түркістан облысының Мақтаарал және Жетісай аудандарының фермерлері үшін «Достық» мемлекетаралық арнасы бойынша су жіберу

көлемі 80-нен 90 м³/с дейін ұлғайтылды. Шаралар су қоймасына келетін ағынды арттыру бойынша бірлескен шараларды жалғастыру туралы уағдаластықтарға қол жеткізілді.

Сонымен қатар екі ел Үкіметі арасындағы трансшекаралық су объектілерін бірлесіп басқару және пайдалану туралы келісімнің жобасы талқыланып, биылғы жылдың соңына дейін келісу рәсімдерін аяқтауға ниетті екенін жеткізді.

«СБ» ақпарат

● ЕКПЕ АЛ!

Вирустың таралуы бәсеңдейтін емес

Елде коронавирустың таралу қарқыны бәсеңдейтін түр. Әр тәулік сайын кемі 5 мың адамнан COVID-19 инфекциясы ПТР-тест арқылы анықталуда. Жағдай ешбір облыста түзір болмағандықтан 17 өңірдің 15-і бүгінгі күні «қызыл аймақта».

Атап айтқанда, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалалары мен Алматы, Ақмола, Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан, Жамбыл, Қарағанды, Қостанай, Қызылорда, Маңғыстау, Павлодар және Солтүстік Қазақстан облыстары. Ал, Түркістан мен Шығыс Қазақстан облыстары «сары аймақта» тұр. «Жасыл аймақта» ешбір өңір қалған жоқ. Әлемдегі эпидемиалар да күрделі. Тіпті

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының бас директоры Тедрос Адханом Гебрейесус Халықаралық олимпиада комитетінің 138-сессиясында әлемде үнді штаммынан да қауіпті жана штамм пайда болуы мүмкін екенін ескертті. Гебрейесустың айтуынша, инфекцияның бүкіл әлемге таралуы жана штаммын пайда болуына әкеп соғады. «Коронавирустың таралу аумағы

кеңейген сайын, қазіргі «Дельтадан» да қауіпті штаммын пайда болу мүмкіндігі артады. Вирустың жана түрлері көбейген кезде, олардың біреуі вакцинаға бағынбай, біз тағы ең басына оралуымыз мүмкін», – делі ДДСҰ басшысы.

Гебрейесус COVID-19-ға қарсы күресте Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының басты міндетін атады. Ол – әр елде халықтың 70 процентінің вакцина салдыруы.

Вакцина демекші, бүгінде Қазақстанда коронавируска қарсы вакцинаның I компонентін 4 965 516 адам, II компонентін 2 907 410 адам салдырған.

«СБ» ақпарат



● ДЕНСАУЛЫҚ

МӘМС: Жүйе қалай іске асуда?

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандырудың қолданысқа енгізіліне біраз болды. Тұрғындар оның тиімділігіне талас жоқ екеніне көз жеткізіп келеді. Десек те, жүйенің толыққанды іске асуына әлі де кедергі болып отырған бірқатар факт бар. Облыс әкімінің орынбасары Балжан Шәменованың жетекшілігімен өткен өңірлік штаб отырысында осы мәселеге мән берілді.

Сб Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ,
«Сыр бойы»

Бүгінде республика бойынша 18 млн халықтың 15 миллионнан астамы, яғни 81 проценті сақтандырылған. Ал, облыс бойынша 800 мың тұрғын болса, оның тек 652 мыңы сақтандыру мәртебесіне ие. Бұл өңірде сақтандырылмаған азаматтардың үлес салмағы әлі де жоғары дегенге келеді. Осы ретте «ӨМСҚ» КЕАҚ облыс бойынша филиал директоры Бақыт Исмаханбетов 1 шілдедегі ахуал бойынша облыста сақтандырылмаған азаматтар саны 146193 адамды құрағанын, маусым айында ол 141986-ны көрсеткенін айтты.

— Көрсеткіш 1 маусымдағы жағдаймен салыстырғанда 4207 адамға, яғни 2,8%-ке артып отыр. Бірыңғай жиынтық төлем төлеушілер 63651 адамды құрайды, 43298-і — әртүрлі мекемеде жұмыс істейтін жалдамалы жұмысшылар, 5520-сы — жеке кәсіпкерлер. Сақтандыру жұмыстарын жеделдету бағытында шаралар қолға алынғанымен, әлі де күшейту керек. Өткен айда өткізілген өңірлік штаб отырысында қала мен аудандарда МӘМС жүйесі бойынша жұмысшы топ құру мәселесі

көтерілген болатын. Премьер-министрдің орынбасары Ералы Тоғжанов өңірлердің денсаулық сақтау басқармаларының басшылары жергілікті атқарушы органдардың құрылымдық бөлімшелерімен бірлесіп, өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықты МӘМС жүйесіне тарту бойынша түбегейлі шаралар қабылдау туралы тапсырма да берді. Осыған сәйкес, жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, күшейтілген түрде халыққа жүйенің маңыздылығын жеткізуге жұмылуымыз қажет, — деді Б.Исмаханбетов.

Бақыт Торғайбайұлы «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы» Заңға сәйкес, аударымдарды және жарналарды, есептелген өсімпұлды төлеудің толықтығын бақылауды мемлекеттік кіріс органдары жүзеге асыратынын, алайда қазір бірқатар мекеме жұмысшыларына жарналарды уақытылы аудармай отыр-

ғанын еске салды. Мәліметке сүйенсек, 43298 жұмысшыға жарналар уақытылы төленбей, олар сақтандыру мәртебесінен айырылып отыр және ол 1 маусыммен салыстырғанда 1934 адамға көбейген.

Бұл ретте облыс әкімінің орынбасары Балжан Шәменова медициналық сақтандыруды халық неғұрлым көп таңдаса, жүйе соғұрлым тұрақталатынын айтты. Бүгінде «Qoldau-24/7» мобилді қосымшасы әзірленгенін, тиімді қосымшаның көмегімен МӘМС жүйесіне қатысты толық ақпарат алуға және де кері байланыс орна-тып, медицина мекемесінің қызметіне шағым қалдыруға мүмкіндік барын жеткізді. Сондай-ақ, жын-да қажетті мәліметтерді бөлісу, тұрғындар арасында ақпарат-тандыру жұмыстарын әлі де жал-ғастыру мәселесі күн тәртібінен түспейтіні айтылды.

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ

30 ЖЫЛ

● БРИФИНГ

Тәуелсіздіктің 30 жылдығы Қызылордада «Жасампаздыққа толы жылдар» идеясы төңірегінде 12 бағытта аталып өтуде. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінің брифингінде облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Мира Қазбекова айтты.

Сб Назерке САНИЯЗОВА,
«Сыр бойы»

Мерекелік шаралар 12 бағытты қамтиды



Жыл басынан бері көптеген ауқымды іс-шара жүзеге асырылды. Оның басым көпшілігі — жергілікті деңгейде. Ал Астана күні қарсаңында өңірде 11 әлеуметтік нысан ашылды.

— Жалағаш кентіне «Көгілдір отын» жеткізілді. Жосалыда газ құбыры мен кварталшілік газ құбырлары, Арал ауданының Аққұлақ елді мекенінде, Қазалы

ауданының Жанқожа, Майдакөл елді мекендерінде су жүйесі іске қосылды. Ерекше айта кетерлік жайт, атқарылған жұмыс нәтижесінде барлық аудан орталығы табиғи газға қол жеткізді, — деді басқарма басшысы.

Айтулы мереке аясында жыл соңына дейін тағы бірқатар маңызды әлеуметтік нысанды ашу, ауқымды шаралар ұйымдастыру көзделіп отыр. Брифингте облыстық волонтерлар фронт офисінің жетекшісі Болатбек Айтбенбетов қайырымдылық шаралары кастерлі мерекенің мазмұнын арттыра түскенін жеткізді.

— «30 қайырымды іс», «Қайырымды істер марафоны» жобасы бойынша облыста 22 мыңнан астам адамды қамтыған 450 шаруа ұйымдастырылды. Нәтижесінде 6,5 мыңнан астам адамға 91,7 млн теңгенің көмегі көрсетілді. Жыл соңына дейін осындай 1000 шара

өткізу жоспарда бар, — делі ол.

Игі істер қолы ашық, жүрегі жомарт жандардың атсалысуымен атқарылып жатқанын айту ләзім. «Ер-Әлі» шаруа қожалығының төрағасы, депутат Ә.Бекжановтың демеушілігімен Жалағаш ауданының Мақпалкөл ауылдық округінде балаларға арналған ойын алаңы салынды. Облыстық мәслихат депутаты М.Ермәлиевтің жеке қаражаты есебінен Қызылорда қаласында жасөспірімдер мен балаларға арналған ойын алаңы қолданысқа берілді. «Зекет», «Ел-Арай», «Шың жүректен Қызылорда» «Жылы жүрек жастары» қоғамдық қорлары өрттен жапа шеккен отбасыларға қолдау жасады.

— 28 шілде күні облыстық қан орталығында «Біз — донормыз» акциясы ұйымдастырылды. Ал Құрбан айт мерекесінде 1900-ге жуық отбасыға ет үлестірілді, — деді Б.Айтбенбетов.

Жеті ірі жоба



Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Арал ауданының әкімі Серік Сермағамбетов ауданда алты айда атқарылған жұмыстар туралы айтты. Тіршілігін төрт түлік малмен байланыстырған аудан үшін қуаңшылық мәселесі өзекті болып отыр. Соған сәйкес Арал ауданының аумағында төтенше жағдай жарияланды.

стрияландыру бағдарламасы жобаларында 1262 адам тұрақты жұмыспен қамтылады. Сондай-ақ, ауданда жалпы қаржы институттары арқылы 95 жоба қолдау тауып, 445 тұрақты жұмыс орны құрылған. Биыл 166 мың гектардан астам жерге егін егілді.

— Осы жерде атап өту қажет, ауданда егістік мәселесі кенже қалған. Сондықтан бірінші кезекте 8 каналды тазалау арқылы егістік көлемін қосымша 230 гектарға ұлғайтуға жоспарлан отырмыз. Сонымен қатар, 2 сервистік шөп дайындау орталығын ашуды жоспарға енгіздік, себебі ауданға қажетті 184 мың тонна шөптің 146 мың тоннасын сырттан тасымалдауға мәжбүрміз. Әлеуметтік маңызы бар азық-түліктің шекті рұқсат етілген бағаларын қалыптастыру бойынша 25 дүкенде 19 түрлі негізгі өнімнің бағасы тұрақты. Аудан кәсіпкерлері азық-түлік тауарларын көрші Түркістан, Ақтөбе, Қостанай облыстарынан әкеледі. Негізгі азық-түлік тауарларын жеткізетін жеке кәсіпкерлермен жыл сайын ынтымақтастық меморандумы жасалып тұрады. Биыл да 10 жеке кәсіпкермен негізгі баға өсірмеу мақсатында меморандум жасалды, — деді аудан әкімі.

— Негізгі мақсат — ел назарын осы жағдайға аудару арқылы қиындықтар бірлесіп отудің тиімді тетіктерін қалыптастыру. Бүгінде жемшөп жетіспеушілігі байқалған ауылдарға жөн-жақтан қолдау көрсетіліп жатыр. Бұдан бөлек Болат Әуемұратов қорынан 213 млн теңге бөлінді. Аталған қаржы зардап шеккен халықтың алғашқы қажеттіліктерін өтеуге бағытталмақ, — деді аудан әкімі.

Төтенше жағдай кезеңінде Сырдария бойындағы бірқатар каналдарды тазалау, Аспай суағатынқсын іске қосу, Бұрмақұлақ арнасын бөгеу, су тоспаларын салу, елді мекендер аумағынан су ұңғымасын іске қосу және шөп бағасын тұрақтандыру үшін тасымалдау кететін шығындарды өтеу қолға алынады.

Ауданға жыл басынан бері 3,2 млрд теңгеден астам инвестиция тартылып, өткен жылмен салыстырғанда өсім бар. Өнеркәсіп орындары 7,2 млрд теңгенің өнімін өндіріп, салыстырмалы көлем индексі 83,3 процентті көрсетті. Барлығы 318 мың тоннадан астам тұз, 1383 тонна балық, 137 тонна ет, 512 тонна нан және нан өнімдері өндіріліп, 53,2 мың текше метр кварц топырағы қазылды. Қазіргі таңда ауданда индустрияландыру бағдарламасы шеңберінде 7 жоба жүзеге асуда. Оның ішінде, балықты теріненін өңдеу және балық өсіру мен теріненін өңдеу цехтары толықтай іске қосылды.

— Сонымен бірге, жалпы құны 6,18 млрд теңгенің 3 жобасы биыл іске қосылады. Атап айтқанда, түйе сүтінен құрғақ ұнтақ дайындау цехы, кварц құмын өңдеу комбинаты мен тұзды жаңа технологиямен өңдеу бойынша испан цехы құрылысы. Жобалар іске қосылса 285 тұрақты жұмыс орны құрылады. Сондай-ақ, қалыңдандырылған қада зауытын салу жобасы жүзеге асырылуда. Қазір зауыт аймағына тиісті инфрақұрылым тартылуда. Құрылыс-монтаж жұмыстары үстеміздей жылдың төртінші тоқсанында басталады. Жоба пайдалануға берілген соң 700 жаңа жұмыс орны ашылды, — деді С. Сермағамбетов.

Мұнан бөлек, Титан өндіру бойынша кен байыту комбинаты жобасы қолға алынып, кен орнын барлау жұмыстары жүруде. Комбинат құрылысы 2022 жылы басталады. Жалпы инду-

«СБ» ақпарат

Кеше Қызылорда қалалық ардагерлер кеңесінің кезектен тыс пленумы өтті, жаңа төраға сайланды. Сондай-ақ, пленум құрамы бірнеше ардагермен толықты. Жиылы облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсебаев жүргізіп, ел ағалары ұсыныс-пікірлерін ортаға салды.

Сб Айдана ЖҰМАДИНОВА,
«Сыр бойы»

Кеңес төрағасы сайланды

Бүгінде қалада 30 мыңға жуық ардагер бар. Аға буынның маңызды мәселелерін ескеріп, жастарға бағыт-бағдар беретін кеңес мүшелерінің жауапкершілік жүгі жеңіл емес. Жиында алдымен қалалық ардагерлер кеңесінің пленум мүшелерін толықтыру мәселесі қаралып, бірнеше ардагер ұсынылды. Қатысушылар шешімімен бірауыздан ауыл шаруашылығы саласының ардагері Бақыт Нұртазаев, халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы облыстық филиалының төрағасы, республикалық «Тіл сакшысы» газетінің бас редакторы Садуақас Аңсаров, техника ғылымдарының докторы Сұлтанбек Тәуіпбаев, қоғам қайраткері Өріп Қожбанов пленум мүшелері болып сайланды.

Мұнан кейін ардагерлер кеңестің жаңа төрағасын сайлауға байланысты ұсыныстарын жеткізіп, маңызды міндеттің жауапкершілігі салмақты екенін, ұйымдастырушылық қабілеті мықты азамат сайлануы керекін атап өтті.

Пленум мүшелерінің ұсынысы мен талқылау нәтижесінде Сұлтанбек Тәуіпбаев қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы болды.

Шарада қала әкімінің орынбасары Ақсарбек Есжанов ардагерлердің пікірі қашанда құнды екенін атап өтті. — Қазақ қашаннан қариясы бар елді қазынасы бар ел деп, ақсақалын ардақтаған. Қоғамның қалыптасуына үлес қосып, кемел келешекке батыл қадам жасап, жол көрсетіп жүресіздер. Қала әкімдігі әрбір ардагердің пікіріне құрметпен қарайды. Ардагерлер кеңесіне алдағы уақытта да заң аясында қолдау көрсетілетін болады, — деді ол.

Өз кезегінде жаңа төраға алдағы міндеттерді ынтымақпен бірлесіп атқару қажеттігін, ел мүддесі жолында еңбек ететінін жеткізді.

Сондай-ақ, жиында қарттардың әлеуметтік, тұрмыстық қажеттіліктері мен денсаулық жағдайына қатысты пікірлер айтылып, VII республикалық ардагерлер кеңесінің съезі өтетіні, делегаттар видеобайланыс арқылы қатысатыны хабарланды.

Жеңіл өнеркәсіптің ауыр жүгі

Теріні өңдейтін зауыт не цехты іске қосу үшін қыруар қаржы талап етіледі. Мамандардың айтуынша, зауыттың құжатын жасауың өзіне 30-40 млн теңге керек екен. Өйтпесе өңделген теріден жасалатын бұйымдар көп-ақ. Мәселен, сөмке, аяқ киім, белбеу, қолғап басқа да заттарды сырттан сатып алғаннан өзімізде өндірген екі есе арзанға шығады. Сонымен бірге теріні өңдейтін судың сапасы, оған қосатын түрлі қоспалар да арнайы талапты қажет етеді. Бұл туралы да біраз мәселенің шетін шығарған қауымдастық басшысы Дина Махатова: «Тері өңдейтін зауыт ашқымыз келген. Оған бөлінген жеріміз де бар. Алайда әжептәуір қаржы керек. Бұл саланы арнайы зерттедім. Себебі, мал терісінің қоқыста шіріп жатқаны жаныма батады. Дер кезінде қолға жаратпаса, уақыт өте ол жарамсыз болғанымен қоймай, экологияға да кері әсерін тигізеді. Біз сияқты кәсіп иелеріне мемлекет тарапынан қолдау болса, шетелден келетін қымбат аяқ киімдерді ығыстырып, орнын отандық өніммен толытар едік. Оның пайдасы да жап-жақсы» дейді.

ТЫНБАЙ ЕҢБЕКТЕНУ КЕРЕК

Отандық жеңіл өнеркәсіптің дамуына өз үлесін қосып келе жатқан жас дизайнер Аида Темірдің жеке ателесіні ашқанына екі жылдай уақыт болды. Қазақы үлгідегі киім, орамалдан бөлек қалыңдықтың көйлегін, бас киімнің тігумен айналысады. Жергілікті қыз-келіншектердің сұранысын қанағаттандырып жүрген дизайнердің айтуынша, елімізде бұл саланы алға дамытамын деген адамға тосқауыл жоқ. Тек тынбай еңбектенсе болғаны.

— Дәл қазіргі кезде тапсырыс бұрынғыдай емес. Десе де аптасында 5-10 көйлек тігіміз. Екі тігінінші және екі қолөнершім көмектеседі. Матаны, қажетті жіп, түйме сияқты майда-шүйде заттарды Шымкенттен аламын. Себебі, ол жақта жақсы таңдау бар. Тапсырыс аз түскен кезде жалға алған ғимараттың ақсақын төлеуге қиналып қаламын. Кәсібің енді бастап келе жатқандарға ғимарат жағынан қолдау болса... Өзіміздің тұрақты тапсырыс берушілеріміз бар. Олар шетелден әкелген киімнен гөрі,

өзінің талғамына сай тапсырыс бергенді ұнатады. Бағасы да базар бағасымен бірдей. Түрік, Италия елдерінен келген киімді екінің бірі ала бермейді. Олар 30-40 мың теңге шамасында болса, бізде бір көйлек 20 мың теңгеге шығады. Сонымен бірге қалыңдық көйлегін қолжетімді бағада тігіп, ешкімге ұқсамайтын әр береміз, — дейді Аида.

«ОТАНДЫҚ ӨНІМДІ САТҚЫМ КЕЛЕДІ»

Расында «мынау Қазақстанда жасалған» деп ауыз толтырып айту үшін ол киімнің матасынан бастап түймесіне дейін өз елімізден шығуы керек. Ал біздің тігінінші-дизайнерлер бір киімді тігу үшін қажетті шикізаттың көп бөлігі шетелден келетінін жасырмады.

Шетел демеуші, кейінгі уақытта әлеуметтік желіде «Қытаймен делдалсыз сауданы үйрен» деген жарнамалар қаптап кетті. Осындa да елімізге келетін импорттың жартысынан көбін Қытай иеленіп отырғаны шымбайға батса да, бүгінгі нарықтың талабы «өз күніңді өзің көр» дегенге саяды. Мәселен, қала

тұрғыны Ақмарал Сейітказы үш жылдан бері тікелей Қытайдан киім-кешек, балалар киімін, сөмке, косметикалық өнімдер, ойыншық алдырып, оны сәтүмен айналысады. Негізгі мамандығы — медбике. Бүгінде бала күтіміне байланысты демалыста.

— Бала кезімнен сауда-саттыққа жақын болдым. Бүгінгінің тілімен айтсақ, менеджерлік қасиет 10 жасымда-ақ байқалды десем өтірік емес. Оған отбасымдағы тұрмыстық жағдай себеп болды. Әкем денсаулығына байланысты еңбекке жарамсыз еді. Ал анам үш баланы жетілдіру үшін күн-түні жұмыс жасайтын. Буыным қатпаса да еңбекке ерте араластым. Құрылыста жұмыс істеп, үй әктеп, сырладым. Сол еңбекқорлығым қазіргі кезде де септігін тигізуде. Төрт айлық баламды арқама салып алып, тапсырыстар орындаймын.

— Сонда тікелей Қытайдан келетін тауар бізден несе есе арзан тұрады?

— Жолға кететін шығынды қоса есептегенде бірнеше есе арзан. Әлеуметтік желі арқылы тапсырыс қабылдаймын. Осыдан 3 жыл бұрын 1 млн теңге несие алып, тәуекел етіп сауданы бастап кеттім. Аяққа

тұрамын дегенше біраз қиындықтарды өткердім. Отбасым қолдамады. Алайда, намысқа тырысып, алға қарай қадам басуымды тоқтатпадым. Белгілі бизнестренері Аманжол Рысмендиевтің сабақтарына қатысып, саудада қандай қателіктер жібергенімді білдім. Ол кісінің «От бол немесе жок бол» деген ұраны маған күш бергендей. Сәтү өнерін игеру үшін де білім керек. Өр тапсырыс несие сөзін сенімді, ісін тиянақты болып көріну үшін еңбектенуге тура келеді. Саудадағы басты ұстаным — сенім.

— Құпия болмаса айына қанша таба-сыз?

— Ешқандай құпия емес. Жалпы кіріс айына 500 мың теңге. Мен саудадан бөлек өзімнің негізгі мамандығым арқылы табыс табамын. Балаларға массаж жасап, ине етіп, ем-домды үйден ақылы жасаймын. Пандемия бізге үйде отырып та кәсіп ашуды, табыс табуды үйретті. Ессеніе балаларымының жанындамын, отағасы жұмыстан келгенде шайы дайын. Өзімді өзгемге емес, алдымен өзіме, айналадағы жақындарыма дәлелдедім. Нәтижесінде ешкімге алақан жаймаймын.

— Отандық өнімді неге сатпасақ?

Оның өтімі аз ба әлде сұраныс жоқ па?

— Өрине, елге келетін табысты сырт асып, шетелге кетіп жатқанына ішім аниды. Біздің тігінінші-дизайнерлер қолжетімді бағада арзан әрі сапалы етіп балалар киімін, шұлық, көйлектер тіксе жақсы болар еді. Оны өткізуге атсалысамын. Жарнамасын жүргізіп, сатылымын жақсартуға үлес қосар едім.

Шағын сұқбаттан біраз нәрсені аңғарған боларсыз. Еліміздей сауда нүктелерін қаптаған қытай мен түрік, қырғыз бен өзбектің киім-кешегін ығыстыру оңай емес. Ол үшін әрбіріміздің жүрегімізде «Отандық өнімді қолдаймын!» деген жанашырлық сезім болуы керек. Алдымен өз еліміздің өнімін тұтынасақ, оны мақтан етіп, жарнамасын жүргізуге қолдан келгенше көмек жасасақ, өзгенің қымбат киімдері келмес еді. Сауда саласында жүрген Ақмарал секілді жастар да отандық өнімнің өтімділігін қолдайды. Ал кәсібин енді ашқан Аида тәртізді тігінішілердің аяққа тұруына жалға алған ғимараттың қаржысын кемі бір жыл мемлекет төлеуге көмектессе, үстімізге қырғыздың емес қазақтың қамзолын киер едік...



● МЕРЕЙ

Ол осынау тіршілік атты дүбірлі дүние есігін кәрі Сейхұнның бойындағы кішкене ауылда – Қандөз елді мекенінде, тамылжыған тамыз айында ашты. Бұл кездегі, ойхой-й, Сыр бойының жан жадыратып, бойыңа ерекше қуат құяр уыздай табиғатын айт! Қиялыңа қанат бітіріп, ойыңды қияға самғатады. Ауызбен айтып жеткізісіз ерекше маусым, тұмса көріңіс!

Ғылымға арналған ғұмыр

Міне, осындай кезде жарық дүниеге інгәлап келген сәби Темірхан өсе келе табиғатты бағалады, еңбекті сүйді. Жастайынан еңбеккер, зерек, әсіресе кітап оқуға аса құмар болып алып еді. Әке – балаға сыншы! Расында да, әкесі Өнекең, Ұлы Отан соғысының II топтағы мүгедегі, ардагер ақсақал дуалы аузымен «осы балам қағазбен наным табады, орыс келін әкеледі» деп жиі айтады екен өз қатарлары бас қосқан отырстарда. Анасы Айзада үй шаруасында көп баланың тәрбиесімен жүрген, мінезі тұйық, сабырлы да салмақты жан еді.

Темірхан мектеп табалдырығын аттағанынан бастап үздік оқыды, өз сыныптастарынан оқ бойы озық болды. Алғырлығымен көзге түсті. Тіпті, кейде пән мұғалімі Темірханды тақтаға шақырып қойып, өз білгендерін сыныптастарына айтқызып, «міне, осылай оқу керек» деп, барлығына үлгі ете сөйлегенде, төбесі көкке бір елі жетпей қалушы еді.

Қандөзегі F.Мұратбаев атындағы №240 орта мектепті үздік бағаммен аяқтаған Темірхан бала кезден арманы болған жоғары оқу орнына, Алматыдағы С.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің тарих факультетіне оқуға аттанды. Ол кезде сынақ ете қатты болатын және бір орынға он-он бес бала таласатын. Шет тілінен «қанағаттанарлық», басқасын үздік бағаға тапсырса да, өкінішке қарай, негізгі конкурстан өте алмады. Жолы болмағанына қатты өкінді, бірақ амал қана! Сол уақыттағы университет ректоры Өмірбек Жолдасбековтің алдына барғанда қинала сөйлеп, «шырағым, әлі жасың, келесі жылы кел, міндетті түрде түссің» деп арқасынан қағып шығарып салғаны әлі күнге есімде.

Келесі жылы бірақ көңіл тандауы өзгерді, енді сол шақта бүкіл Кеңес одағына аты дүркіреп тұрған Жамбыл гидромелиоративтік-құрылыс институтына жаңадан басталған эксперименттік жүйемен екі пәнінен ғана үздік бағаға тапсырып, студент атанды. Жастайынан алғыр бозбала екінші курстан ғалым-ұстаздарының көзіне түсе бастады, оған зор сеніммен қарады. Тіпті, достары «бұл біздің болашақ профессор» деп әзілденіп те қоятын. Жаратқан тәңір ауыздарын асалып тұр ма, араға жылдар салып, Темірхан Толқынбаевтың білікті ғалым, профессор атанғанынан олар білді ме екен?! Одақтағы ең жас ректор атанған М.Үркімбаев басқарған оқу орны қаймағы бұзылмаған, тамаша ғалым-ұстаздар топтасқан нағыз ғылым мен білімнің ордасы еді. Бертін келе, Темірхан осындай тәлімі зор, ғириятты мол жоғары оқу орнын тандағанына шын қуанды. Күн-түн демей, қолына кітап алып, қызығы мен қиындығы мол ғылым жолына біржола бет бұрды. Соның арқасында Мәскеудегі В.Куйбышев атындағы инженерлік-құрылыс институтына алғашын да зерттеуші-оқытушы, кейін мамасаты бағыттағы аспирант болып қабылданды.

Қуанышында шек жоқ. Арманы алға асықтырып, Кеңес одағының астанасы айтулы Мәскеуден бірақ шықты. Төрт жылға жуық уақыт аты Одаққа танымал, белгілі ғалымдар мен академиктер Б.А.Крылов, Б.М.Красновский, профессорлар В.С.Абрамов, С.Г.Головнев, А.И.Гуныра, В.Я.Гендин және т.б. ғылыми мектептерінен өтіп шықпалды. Мәскеудің мүйізі қарағайдай, азулы да айтулы ғалымдары алдында кандидаттық диссертациясын сәтті қорғап, туған елге оралды.

Бұл қылышынан қан тамған Кеңес одағының келмеске кетіп жатқан кезі болатын. Елге бос қайтпады, олжалы қайытты. Ғылыми атағымен қоса, өзінен бір жыл бұрын кандидаттық диссертациясын Мәскеуде қорғаған, сол кезде М.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінде еңбек етіп жатқан, құдай қосқан қосалы – Бақытқұмен қолтықасып кетті. Өзгере жақын уақытта сәби күтіп жүрген-ді. Бақытқұл – Мәскеуде тұрып жатқанымен әкесі айтқандай «орыс емес», Сыр өңірінің өсіп-өнген бір әулеті Байқожаевтардың әлпеттеп, аялап өсірген қазы. Сыр елінің болашақ екі ғалымы Мәскеудің төрінде, ғылымның ордасы В.Ленин атындағы мемлекеттік кітапханада кездесіп, танысқан еді.

Елге оралған соң, қасиетті Тараз өңірінде гидромелиоративтік-құрылыс институтында жас мамандары тәрбиелеуде жемісті еңбек атқарып жатқан Темірханның бар ойы ғылымды жалғастырып, докторлық диссертациясын қорғау болатын. Институтта қызмет атқарып жүргенде көзінің атуы мен қарасындай Айжаны мен Тоғжаны дүниеге келді. Жаратқанға дән риза. Қатардағы оқытушыдан бастап факультет деканы дәрежесіне дейін көтерілді.

1997 жылы факультет деканы лауазымын атқарып жүріп, көңіл шешімін жасап, Мәскеуге докторантураға баруға бел байлады. Елде қиын кез болатын, уақытында жалақы берілмейтін, мардымсыз жағдай-ды. Бір жағынан отбасын ойлап, тағы алаңдады. Осындайда, сүйікті жары Бақытқұлдың «шігегібе, мен бармын ғой, біз елдеміз, оқуыңды бітіріп, тезірек қорғап ал» деген сөзі арманына қанат бітіргендей болды.

1999 жылы докторлық диссертациясын мерзімінен бұрын, 38 жасында Томскідегі сәулет-құрылыс университетінде сәтті қорғап шықты. 2000 жылы Алматыдағы Қазақ мемлекеттік сәулет-құрылыс академиясына жұмысқа шақырылып, профессор, кафедра меңгерушісі орынбасары қызметін атқарды. 2001 жылы Шығыс Қазақстан мемлекеттік техникалық университетінің ректоры, профессор Г.Гамарниктің тікелей шақыруымен Өскемен қаласына сәулет-құрылыс ин-



титутының директоры-проректор қызметіне орналасты. Осы жылы Халықаралық инженерлік академияға (Мәскеу қаласы) мүше-корреспондент болып сайланды.

2004-2007 жылдары I.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің проректоры, 2008-2014 жылдары Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде профессор, кафедра меңгерушісі, факультет деканы, 2014-2016 жылдары елордадағы «Астана» университетінде бірінші проректор және ректор, 2016-2019 жылдары «Тұран-Астана» университетінде проректор, 2019-2021 жылдары М.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінде бірінші проректор лауазымдарында болды. 2021 жылдың сәуір айынан бастап Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде сәулет-құрылыс факультетінің деканы болып қызмет атқаруда.

Ол өз елімізде ғана емес, алыс-жақын шет елдерге біршама танымал белгілі ғалым-ұстаз, білімді де білікті ұйымдастырушы. Өмірде жолы, айналасында жаны жайсаң, ел құрметіне бөленген, тамаша тәлімгер-ұстаздары болды. Олардың арасынан М.Үркімбаев, Ж.Сүлейменов, Г.Гамарник, F.Мұтанов, Е.Мелеуов, Б.Әбдірайым, Е.Сидықов, М.Сарыбеков сияқты ғылымның марқасқаларының есімдерін ерекше атайды.

Темірхан Толқынбаев әсіресе, сәулет-құрылыс саласында белгілі ғалым. Оның тікелей қатысуымен қысқы жағдайда біртұтас ғимараттар тұрғызудағы бетон жұмыстарының сапасын бақылау және оның технологиясын жетілдірудің ғылыми мектебі қалыптасқан десе де болады. Өзінің тікелей жетекшілігімен 3 докторлық, 5 кандидаттық және 18 магистрлік диссертация даярланған.

Академик – 350-ден астам ғылыми және оқу-әдістемелік еңбектің авторы. Мәскеуде және Қазақстанда бес монографиясы жарық көрген, екі оқулық және жиырма төрт оқу құралы жарияланған. (Алты жаңалығына патент алғаны тағы бар).

Еңбегіне лайық әртүрлі мадақтаулар мен марапаттар алған. Атап айтқанда, Білім және ғылым министрінің «Ғылымды дамытуда атқарған еңбегі үшін», «ҚР білім беру ісінің құрметті қызметкері», «Ы.Алтынсарин» төсбелгілерімен және басқа да мерейтойлық мадақтамалармен нағрапталған. 2009 жылғы «ЖОО үздік оқытушысы» мемлекеттік грант иегері. «Қазақстанның құрметті құрылысшы» төсбелгісінің иегері. Қазақстан Журналистер одағының мүшесі. Ресей Сәулет және құрылыс ғылымдары академиясының шетелдік мүшесі, Халықаралық инженерлік академия (Мәскеу қаласы), Ұлттық инженерлік академия және Ұлттық Жоғары мектеп академияларының академигі.

Ең бастысы, Темірхан Әнәпияұлы үшін негізгі мақсат – халқына қалтқысыз қызмет ету, жас мамандарға сапалы білім мен саналы тәрбие беру. Ол – үлгілі әке, зайыбы Бақытқұл Ұзаққызы – Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде кафедра меңгерушісі, техника ғылымдарының докторы, профессор, ҚР еңбегі сіңген метролог, ҚР Сапа менеджменті академиясының академигі. Үлкені Айжан Астана медицина университетін қызыл дипломмен бітірген, дәрігер-гинеколог. Тоғжан Л.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетін қызыл дипломмен бітірген. Зан магистрі. ҚР Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттікте бас маман болып қызмет атқаруда.

Темірхан қолы жұмыстан қалт еткенде, таза ауада дем алғанды, өткенге ойша саяхат жасағанды ұнатады. Әсіресе, сыр-баз Сейхұндария жағалауын, танауынды жарып өтер көктемгі жынғыл мен жиде ісіні ерекше сағинады. Сыр топырағында да туғанына мақтанады. Әсіресе, өзінің кіндік қаны тамған Жанакорған ауданындағы Қандөз елді мекені санасынан берік орын алған. Бұл жерде қазақтың тұңғыш дипломаты, ұлт қайраткері Нәзір Төреқұлов та дүние есігін ашқан. Кім біледі, халқына өшпестей ұлы мұра қалдырған Нәзір атасының да әруағы ардайым қолдап жүр ме екен!?

Бүгінде алмыстың асқарына шығып отырған Сыр елінің түлеті, білікті ұстаз, белгілі ғалым, академик Темірхан Әнәпияұлына мықты денсаулық, отбасылық бақыт тілей отырып, ғылым жолындағы ғириятты ғұмырын ұзақ болғай дегіміз келеді.

Жолтай ӘЛМАШУЛЫ,
жазушы – драматург,
Қазақстан Республикасының
еңбек сіңірген қайраткері

● ҒЫЛЫМ ЖЕТІСТІКТЕРІ

Топырақты қалай құнарландырады?

Мен Қызылордадағы Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтында жарты ғасырдан астам еңбек етіп, үш кітап, бес кітапша жаздым. Сол үш кітаптың бірінде Қызылорда аймағына тараған тұздың топырақтың құралуы, топырақ құрылымы өзгеруінің экологиялық ортаға келтіретін зияны, құнарсыз жерді ғылыми ұтымды әдістермен қалыптастыруға жағдайына жеткізіп игеруге болатыны жөнінде институтта дәлелденген шешімдер келтіріледі.

Егер тұздану дәрежесі артып, егіс бақылаудан тысқары қалса, күріштік жер көп ұзамай тақырға айналатыны зерттеуші ғалымдардың тұжырыммен ұсынылған. Әрине, оларды тақыр жағдайға инновациялық ғылыми жетістіктеріміз жеткізбейтіні анық. Оған мысал – Арал тағдыры. Шалқып жатқан Арал теңізінің XIX ғасырдың 70-жылдары суы тартыла бастап, құрдымға кетуі мұң екен, ұлтанында құм төбелер, тақыр және тақырға ұқсас топырақ түрлері пайда болды. Аралға Әмудария мен Сырдария өзендерімен өзендер басына орналасқан елдің егісінің тұз, тыңайтқыш, гербицид пен пестицид қалдықтарын, қалалар қалдықтарының қысық шірінділері ерітінді түрінде әкелініп, теңізді қалдықтар мен қысық қоспалары жиналатын қоймаға айналдырды. Суы кеткен теңіз ұлтаны кетіп, тұз бен улы қалдықтар құмға араласып, аспанға құйындапты боратып, 150-200 шақырым қашықта орналасқан жерді ластанп жатты.

Осының алдын алу үшін шетел ғалымдары профессор Зигмар Брекке, доктор Вальтер Вухерер (Алмания, Берлин, Биелефельд университетінен), профессор Арон Айер (Израиль, Иерусалим университетінен) халықаралық жобасына Қазақстан ғалымдары F.Т.Мейрман, X.Жамантіков, Л.А.Димеева, (Ботаника институтынан), B.C.Каверин (орман шаруашылығы институтынан) қосылып, Арал ұлтанын зерттейтін алғашқы экспедицияның негізгі құрамы құрылды. Бірінші зерттеу нәтижелері Жер шарын шарлап, зерттеуіміздің бастамасы әлемді дүр сілкіндірді. Себебі, нәтижеміз ЮНЕСКО жобасына сәйкес орындалыпты. 1998 жылы екінші жыл орындалған жоба жұмысы Францияда (Париж) тіркелді. Осы экспедиция құрамы Алмания-Қазақстан жобаларына да қатысып, Біріккен Ұлттар Ұйымынан қаржыланым көлкен, құрал-жабдықтармен жабдықталып, фитомелиорация жұмысында үлкен жетістіктерге жетті. Экспедицияның нәтижелі зерттеулері Арал ұлтанында 14 жылдан астам жалғасты.

Арал теңізінің құрғаған ұлтанын фитомелиорациялау, өсімдік жамылғысын жабу мәселесін болашақта әлемге зиянын тигізбейді дегенді жолға салу іс-шаралары оңайға түспеді. Жинаған ғылыми жәжірибелердің арқасында онтайлы атқардық. Ал Арал экологиясын жақсарту жөніндегі қорытынды мақалалар Франция, Алмания, Ресей, Украина, Татарстан, Қазақстанда 15 қалда жарық көрді. Осы айтылған Арал мағлұматтары екінші кітапта жазылды.

Үшінші кітапта жаңа жүйе – органикалық егіншілік жөнінде мәселе көтеріліп және оның орындалу жолдары анық айтылды. Қолданыстағы ескі жүйе егіс топырағын ластады, бірақ топырақ экологиясын тазартатын жол жүйе де болмады. Ол үшін жаңа жүйе – органикалық егіншілік жолы керектігі айқындалды.

Органикалық егіншілік – қазіргі заман талабына сай өрі болашағы зор жүйе. Себебі, топырақ экологиясын тазартып, микроағзаларды түр-түрімен молайтуға жағдай ағайды. Бактериялар арқылы топырақ тірі тіршілік дәрежесіне жеткізіледі. Осы дәреже жетісмен онда мелориациялық, топырақжасартқыш, ылғал сақтағыш қасиет қалыптаспаста. Аталған функцияларды толық атқару үшін оның беткі жыртатынын қабатын органикалық заттармен екініді түрде байыту керек. Бұл – топырақты толыққанды тыңайту деген сөз. Ол үшін 1 гектар ауданға 20-30 тонна органикалық зат биомассот түрінде топыраққа сіңіріледі. Биомассот – жарығай шіріген жағдайдағы күріш қауызы. Қауызды ылғалдап, іріктелген (селекция жолымен) бактериялар арқылы клеткасын ыдыратады. Бактерияларды сулы ашытқыға қосып, қауызды ылғалдайды. Анаэробты (ауасы жоқтың қасы) ортада бактериялар қауызды, соның құрылымындағы өттегіні пайдаланып, белсенді түрде ыдыратып тастайды. Жарығай шіру деген реакция жалғасы топырақта жүретінін білдіреді.

Топырақ толыққанды байытылса, су сіңіргіштігі органикалық заттар әсерінен 2 есеге артады, ал су өткізгіштігі кемиді яғни, 12%-ке су үнемделеді. 2013-2015 жылдары тәжірибе көрсеткіштері топырақтың су өткізгіштігі органикалық заттармен байытылғанда орта есеппен 29%-ке кемігенін көрсетті. Бастапқы кезде ол 41% еді. Топырақтың су сыйымдылығы 72-92% арты. Компост берілмегенде 43% еді. Сыйымдылық 2 есеге жуық артты. Мысалы, 1 гектар аудандағы (тереңдігі 25 см) топырақ массасы 3000 тонна. Сонда есеп қорытындысы, (41%-29% алғанда) 12% үнемделген су массасы 3600 тоннаға болады екен. Топырақ бойында, суға қаныққанда (батпақта), ылғалдың орташа мөлшері 36%. Оны салмаққа айналдырсақ, топырақ бойындағы су массасы

10800 тонна болады. Топырақ сыйымдылығы орта есеппен 1,91 есеге көбейеді. Сонда су сыйымдылығы 10800т х 1,91=20628 тоннаға жетеді. Оған үнемделген 3600 тонна су мөлшерін қоссақ, 24228 тонна болады, яғни 1 гектар егіс комппостпен байытылса, органикалық заттар әсерінен 24228 тоннаға су үнемделіп, күріш дақылна жұмсалды немесе күріш кезек кезінде үнемделген сумен тіршілік етеді, судан тарықпайды. Үнемделген су комппост бойында гидрогель (2019 жылы Жанакорғандағы Қаратау бөктерінде жаздық бидай мен мақсарыға зерттелген) сияқты сақталды. Гидрогель туралы деректер 3-кітапта кеңінен келтірілген.

Күріш егілгенде қосымша әрі сақтық шарасы ретінде дәлелденген әдіс гидрогельді сіңіріп берсе, оның 1 г 500 мл су сақтау қасиетімен, су тапшылығы кезінде өсімдіктер ылғал қарбаласынан тарықпай шығатынына сенім мол. Себебі, екі ұсыныс: топырақты комппостпен байыту және гидрогель берісе, осыларға егістік бетінің тегістігі қосылса, шаруашылық су тапшылығынан ірікпей шығуға болады. Үштік – органикалық заттар, гидрогель мен жер тегістігі және олар біріккен мен ғылым жетістіктерімен негізделсе, қорқыныш пен үрейге орын жоқ. Сондықтан досың да, сенерің де тәртіп, ғылым жетістігі мен білім болу керек. Бұл – үшінші кітап қорытындысы. Оларды өндіріске енгізу – агрономның тікелей ісі.

Бес кітапшаның біреуі күріш қауызын (шашылып, экологиялық мәселеге айналған) биомассотқа айналыру ісін сапалы жасау жолын нұсқау ретінде жазылды. Екінші кітапша жас қаптардың сапасын жақсартуға арналды. Үшінші кітапша естелікке арналды. Ешкім өзгенің ғалым болып бірден қалыптасқан жоқ. Оған орта, оның ішіндегі жасы ұстаз ұйытқы болады. Сол кісі ізденген жасты ғылым жолына түсіріп, істейтін жұмысының бағытын түсіндіріп болса, ұстазды неге қадірлемесек? Естелік ұстазды қанағаттандырады әрі оған қуат береді.

Төртінші кітапша – Қаратау фосфоритнен қыздыру мен балықты жалаумен алынған полифосфаттар жөнінде. Полифосфаттар ортофосфаттан әсер етуші фосфор тотығы (P₂O₅) мөлшерінің 3,6 есе көптігімен, гидролизденгенде макроэргиялық энергия шығаруымен ерекше. Полифосфат тыңайтқышын алу жолы, әрине, қымбат. Қазақстанда энергия тапшылығы ба-сымдылық жасап тұр. Бір өте ескеретін жағдай – Қаратау фосфориті құрамында қоспаның көптігі. Ауыр металдан улы фтор тыңайтқыш құрамын ластайды. Ал, полифосфатты фосфоритті балқытып не қыздырып өндіргенде, ауыр металдар уыты жойылды олар күйіп жаман қасиетін жоғалтады. Полифосфаттарда қоспа жоқ, сондықтан қолдану өте тиімді. Оларды өндіретін болашақта энергия жолы табылар деген үміт бар.

Бесінші кітапша Қызылорда аймағын көгалдандыру мақсатында жазылды. Қазақстанда табиғи өскен ағаштар аз. Олар сәуістүтік жакта. Қызылорда қуаңшылық белдеуде болғандықтан, ағаш отырғызып көшені көлен-кеу, парк жасап демалыс алаңын қолдану қор, қаланы, үлкен ауылдарды бораннан, шаннан қорғау белдеуін жасау, сол сияқты көгалдандыру іс-шараларын орындау өте қажет және өзекті мәселе. Сол үшін осындай жаңа жоба жасауға арқау болатын, кезінде мұнайлы Апысай жерінде өндіріске енгізілген, жаңалығы бар жобаны үлгі ретінде ұсынып отырмыз.

Кітаптар мен кітапшалар материалдары Қызылорда қаласында бір ғасырға жуық еңбек етіп, егіншілікті дамытуға бағытталған Күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтында орындалды. Ғылыми еңбектер осы институт қалпын, ғалымдардың еңбегін ескеріп, ғылымға қозғарсты жақсартуға, оның орасан күшін облыс егіншілігі игілігіне жұмсауға, табиғатты аялап, топырақты құнарландыруға арналған. Топырақ құнарлы болса, климаттың оқыс құбылысының бірі – қуаңшылықта да ғылыми жолмен онтайлы деңгейде азық-түлік ті өндіруге болатыны дәлелденген, яғни, ғылым-білім күнделікті керек. Қиындықтан алмай шығатын жолды ғалымдар ізденіспен табады, оны мезгілінде өндіріске енгізу – тауар өндірушілер міндеті.

Сыр өңіріндегі егістік құнарлылығын тыңайтқан егіс топырағына сәйкес дәрежеге жеткізіп, облыс халқының азық-түлікке мұқтаж болмауы үшін институт ғылым жетістіктерін Тауселіздіктің 30 жыл толу мерекесіне үлес ретінде ұсынып отырмыз.

Хасый ЖАМАНТИКОВ,
ауыл шаруашылығы
ғылымдарының докторы

Талжан Жанасов

Сыр елі ауыр қазаға ұшырады.

Ұлы Отан соғысының ардагері Жанасов Талжан Байболұлы 97 жасқа қараған шағында дүниеден озды.

Талжан Байболұлы 1925 жылы 1 шілдеде Арал ауданында дүниеге келген.

1942 жылы Кеңес әскеріне шақырылған Талжан Байболұлы Украин майданында болып, Ұлы Жеңісті Германияда қарсы алған.

Елге оралған соң ұзақ жылдар бойы темір жол саласында машинист болып қызмет атқарып, 1980 жылы зейнетке шыққан.

Қайтпас қайсарлықтың үлгісін көрсеткен майдангер І-ІІ дәрежелі «Отан соғысы» ордені, «Ерлігі үшін» медальдарымен, Жеңістің мерейтойлық төсбелгілерімен марапатталған.

Ғасырға жуық ғұмыр кешіп, ортасына сыйлы болған ардагердің асыл бейнесі халқының жүрегінде мәңгі сақталып, жас буынға үлгі болып қала бермек.



Талжан ағамыздың жатқан жері жайлы, топырағы торқа, жаны жәннатта болсын.

Қызылорда облысының әкімдігі мен облыстық мәслихат, «Nur Otan» партиясының облыстық филиалы, облыстық Қоғамдық кеңес пен облыстық Ардагерлер кеңесі



Әлемдегі ең үздік әуе компаниясы

Жолаушылар әуе сапарларының қауіпсіздігі мен сапасын бағалауға мамандандырылған аустралиялық AirlineRatings.com агенттігі әлемдегі ең үздік әуе компаниялардың жыл сайынғы рейтингін түзді.

Әуе компаниялары бірқатар көрсеткіштер бойынша бағаланады. Соның ішінде жолаушылардың әуе компаниясы туралы пікірі, ұсынатын қызметтердің түрі, әуе паркін жасы, пандемия кезіндегі шаралар алдығы қатарда есептеледі.

Сарапшылар Qatar Airways-ті былығы ең жақсы әуе компаниясы деп атады. Ал рейтингте көптен бері көш бастап келе жатқан Air New Zealand компаниясы 2-орында түсті.

Qatar Airlines әуе компаниясы жолаушыларға жаңа өнімдерді, жоғары сапалы ұшу қызметін ұсынғаны, жаңашылдық танытқаны және пандемия кезінде де рейстерді тоқтатпауға тырысқаны үшін үздік атанған.

Ең ірі планетарий

Қытайдың Шанхай қаласында астрономиялық мұражай негізінде әлемдегі ең үлкен планетарий ашылды. Бұл туралы Қытайдың CGTN арнасы мәлімдеді.

Музей Линганттың эксперименттік еркін сауда аймағында орналасқан. Шамамен 58,6 мың шаршы метрді алып жатыр. Астрономиялық музейге айлан әлемдегі 70-ке жуық метеорит, Марс және Веста астероиды, сонымен қатар Ньютон, Галилей және Кеплердің жұмыстары бар 120-дан аса мәдени жәдігерлер жиынтығы қойылған.

Қытайдың Chang'e-5 ай зондымен жеткізілген ай топырағының бір бөлігі де көпшілікке ұсынылады. Музей инновациялық сәулетімен, түрлі тақырыптағы көрме алаңдарымен, иммерсив технологиясымен және құнды коллекцияларымен ерекшеленеді.

Якутиядағы сұрапыл өрт

Якутиядағы сұрапыл өрт 8 елді мекенге таяп қалды, деп хабарлайды ҚазАқпарат ТАСС агенттігіне сілтеме жасап.

Өңірлік Экология министрлігінің баспасөз қызметінің сәрсенбі күнгі мәліметінше, 5 шақырымнан аз қашықтықта арнайы бақылауға алынған бес дала өрті бар.

«Бұл Оймякон ауданындағы Хара-Тумул, Горный ауданындағы Ерті, Дикимдя, Магарас және Кюерелас ауылдары. Сонымен қатар, 10 шақырымнан аспайтын қашықта үш табиғи өрт ошағы бар: Горный ауданында Кептин және Бясь-Кюель ауылдары, Сунтар ауданында Кемпендй ауылы» дегенін хабарламада.



ТӨРЛЕТ, ТОКИО ОЛИМПИАДАСЫ



Танымал қазақстандық жеңіл атлет Ольга Рыпакова өзінің спорт мансабындағы төртінші Олимпиадасына қатысуға мүмкіндік алды. Қазірге дейін ол беделді бәсекенің алтын, күміс және қола медаліне қол жеткізіп үлгерген. Осыған дейінгі қатысқан барлық Олимпиадада ол жүлдесіз қайтқан жоқ.

Су добынан ерлер құрамасы командалық ойын түрлерінен жарысқа қатысатын қазақстандық жалғыз құрама болып отыр. Олар Олимпиада ойындарына сегіз жылдан кейінгі үзілістен соң оралды.

Дәстүр бойынша бокстан Қамшыбек Қоңқабаев бастаған ерлер командасы толық құраммен сегіз сазмақ бойынша қатысады. Ал гимнастық Милад Карими жалғыз өзі жеті жолдаманы еншілеп, іріктеу кезеңін сәтті аяқтады. Жүзуден қазақстандық спортшылар үш жолдаманы иеленді. Оның кеуі Олимпиада чемпионы Дмитрий Баландинге тиесілі. Отандасымыз Руслан Құрбанов Халықаралық семсерлесу федерациясының жеке рейтингі бойынша құрлықтық квотаны жеңіп алған алты спортшының қатарына енді.

2004 жылғы Афинадағы Олимпиада ойындарынан кейін алғаш рет үш қазақстандық велошабандоз топтық жарыста бақ сынауға мүмкіндік алды. Мұндай нәтижеге қол жеткізуге команда көшбасшысы Алексей Луценко зор үлес қосты. Ол Қазақстанға жалпы алғанда Азия құрлығының бірде-бір мемлекеті еншілемеген ұпайды жеңіп, тректегі велоспорт (спринт, омниум және кейрин) бойынша үш лицензия жеңіп алды. Айта кетерлігі, спорттың аталған түрі бойынша жолдаманың Қазақстан үшін тарихи маңызы бар. Себебі, қазақстандық спортшылар бұған дейін аталған сайыс бойынша Олимпиада ойындарында жарыс жолына шығып көрмеген еді.

Садақ атудан 20 жылдан кейін

1-бет

алғаш рет Қазақстаннан үш садақшы Олимпиада ойындарында командалық жарысқа қатысады. Ал он бір жолдама балуандарға тиесілі болса, жеңіл атлеттер де осы мөлшерде лицензия жеңіп алды. Теннисшілер жеті, ал байдарка мен каноэде есуден алты жолдама қоржында. Рейтингік жарыстар нәтижесі бойынша дзюдошылар алты жолдаманы иеленді. Токио төрінде белдесетін татами шеберлерінің арасында тәжірибелі Елдос Сметов бар. Үстел теннисінен Қазақстан құрамасының еншісінде қос жолдама, сондай-ақ, таеквондо мен слаломды есу бойынша спортшылар екі лицензия алды.

Биыл Олимпиада өзінің тарихында 32-мәрте жалауын желіберетеді. Тұңғыш рет 1896 жылы Грекия жерінде басталған айтулы аламан содан бері барша адамзат баласының қызыға тамашалайтын бәсекесіне айналды. Әлем жұртшылығы АҚШ-ты аталған сайысты ең көп өткізген ел ретінде таниды. Онда 4 рет жазғы және 4 рет қысқы Олимпиада өткізілген. Ал Франция 2 жазғы, 3 қысқы аламанның алауын жақты. Одан кейінгі кезекте Ұлыбритания 3 рет (3/0), Германия 3 рет (2/1), Жапония, Италия, Канада 3 рет (1/2) осындай сенімге ие болған. Ал Австралия жазғы ойындарды бір рет өткізген. Ал Австрия, Швейцария және Норвегия қысқы ойындарын. Швеция, Бельгия, Нидерланды, Финляндия, КСРО, Мексика, Оңтүстік Корея, Испания және Қытай бір реттен жазғы ойындарды өткізген. Югославия (Босния және Герцеговина) бір рет қысқы ойындарды қабылдаған. Жазғы ойындар 18 елде, ал қысқы 11 елде өткізілген.

Қалалар арасында Олимпиада ойындарын Лондон 3 рет қабылдаған. Ал Лос-Анжелесте, Парижде, Афинада екі-екіден жазғы ойындар өткізілген, Әлемде Олимпиада ойындарын өткізген 41 қала бар. Оның 22-і жазғы, 19-ы қысқы бәсекені қабылдады.

ҚОЛӨНЕР

Жанакорған ауданында Бірлік деген ауыл бар. Тау бөктерінде орналасқан елді мекеннің табиғаты бөлек. Шөбі шүйгін, ауасы тынысынды аңалады. Бұлақ суы мөлдіреп ағып жатыр. Осы аядай ауылда сексенге келген Ұлтуар Пайжанова апамыз тұрады. Ол кісіні жақын ауыл-аймақтың бәрі жақсы таниды. Әжей – қолөнер шебері. Тоқыған кілеммен елді тамсандырған ол әлі де тын. Қолынан ұршығы түскен емес. Бос уақытында кілем тоқып, онысын жақын туған-туыстың қоныс тойына тарту етіп келеді. Кейінкермен әңгімелесудің сәті түсіп, кілем тоқудың қыр-сырын сұраған едік.

Сара АДАЙБАЕВА,
«Сыр бойы»

Кілемнің сыры – түтінде

Сексенге келген ақ жаудықты әжей үй шаруасына да пысық болып шықты. Қимылы ширақ. Келіндеріне қолғабыс етіп, немере-шөбересін бағалды. Үй айналасына бау-бақша етіп, жасыл желекке айналдырған. Өңгіме барысында ол өткен өмірінен де сыр шертіп. Балалық шағы сұрапыл соғыспен тұспа-тұс келген. Тұралаған ауыл тіршілігін түзеу, бала-шағаның қамын жасау үшін ата-анасы бел жазбай еңбек етіпті. Бойжетіп қалған шағында әкесінен айырылып, оқуға мүмкіндігі болмаған. Шешесіне болысып, үй шаруасына ерте араласты. Анасы елге белгілі ісмер, қолөнер шебері еді. Білген-түйгенін қызына үйретіп, баулыды. Ең алғаш тықыр кілем тоқудың техникасын меңгеріп, кейін түкті кілемді де оңай үйреніп алыпты. Елтілігі мен елгезектігі ісмер болуына септігін тигізді. Он саусағынан өнері тамған ананың ізгі жолын Ұлтуар осылай жалғасты.

– 1957 жылдан бастап кілем тоқумен айналыстым. Киіз үйге қажетті жабдықтар жасалдым. Ол кезде 6 қанатты үйлер қазіргі зәулім сараймен тең болатын. Тапсырыспен бау, қабырғаға ілетін кілемдер, қоржын тоқылды. Баудың өзі бірнеше түрге бөлінетін. Ерекше әрі сәнді етіп тоқығаннан болар алыс-жақын ауылдардан арнайы келетіндер де бар еді. Нағыз қол еңбегі ғой. Шаршау дегенді білген жоқпын. Күндіз-түні көп майымды тауысып, тоқып шығатын кездер де болды.

1962 жылы Айтуар Жүнісов деген кісімен отау құрдым. Перзентті болдық. Балаларым кішкентай, ата-енеге қараудан, үй тірлігінен босамай, кілем тоқудан біршама қол үзіп қалдым. Кейін балаларым ержетіп, қолым ұзарған шақта қайта бастадым.

Тәуелсіздікке қол жеткізіп, егемен ел атанғанда қолөнершілерге қолдау болды. Жасаған бұйымдарымды сырттан келіп алатындар көбейді. Бірде Карттар үйінен 20 кілем тоқуға тапсырыс алдым. Ұзындығы 3 метр, ені кемі 1,5 метрден. Керемет шыққан туындым көпшілікке ұнап, тапсырысты уақытылы аяқтадым.

Осыдан 50-60 жыл бұрын кілем тоқуды кез келген әйел заты білетін. Әр үйде кілем тоқылатын. Қыз жасауына қосып, бағалы сыйлық ретінде де тарту етілетін. Сапасы өте жақсы болғандықтан әлі күнге дейін пайдаланып келеміз. Бірақ қазір кілем тоқу өнері кеңжелеп қалды. Онымен айналысушылар қатары сирек. Төрт түліктің жүнін аяқ асты етпей, қалдеге жараттық. Кілем, алаша төсеніштерден бөлек, киім-кешекті де тоқып киетін едік. Қазір ауылда кілем тоқушылардан жалғыз мен қалдым. Ата-бабамыздан жалғасып келе жатқан бұл іс жандануы керек. Кейінгі жас буынның хабары болуы тиіс, – дейді шебер.

Ұлтуар апамыз осы кезге дейін 1000-нан аса кілем тоқып, еліміздің түкпір-түкпіріне жөнелткен. Ерте көктемнен бастап 3 кілем тоқыпты. Оны жақын туыстарының қуанышына сый ретінде ұсынаған. Әжей бұдан бөлек құрақ құрайды. Осы кезде дейін 100-ге жуық құрақ көрпешені қыз жасауына тарту болған деп қосыпты. Себебі, құрақ

– жастардың басы құралсын деген ниетпен арнайы жасалатын жасау түрі. Жас отаудың іргесі берік болсын деген ниеті де бар. Ең қызығы, әжей барлық тіршілігін өзі атқарды. Алдымен жунді тазалап жуып, түтіп, оны піріп жинайды. Боюларын таңдап, ағаш құрылғысына салып, тоқуға кіріседі.

– Жалпы, кілемнің әсемдіктен бөлек, үйдің жылулығын сақтайтын, дыбысты бәсеңдететін қасиеті де бар. Түрлі-түсті ой-өрнектері ұлт дәстүрі мен мәдениетінен, өнерінен хабар береді. Кілем бір немесе бірнеше қабатты, түкті немесе тықыр болып келеді. Боюы қанық болса, түрі аяқарлана түседі. Сондықтан сапалы бояу қолданамын, – дейді ол.

Ісмер әңгіме айтып отырып, жұмысын жалғастыруда. Қолының жылдамдығына көз іспейді. Жіптерді киіластырып, әдемі сурет шығарды. Расында, бұл өнер пылдамдылық пен сабырлыққа үйретеді. Тапжылмай отырып жұмыс жасағанда ғана нәтиже болады.

Ұлтуар әжей – ауылдағы үлкен әулеттің тірегі, ақылшысы. Тамырын теренге жайған әулет бүгінде осы-өнген. Шаңырақ иелерінің бас қосқанына жарты ғасырдан астам уақыт болған. Қос қария жас отбасыларға ақыл-кеңесін айтып, бар тасын беріп, қолдап келеді. Ол – 13 немере мен 15 шөберенің қызығына кенеліп отырған бақытты, ақсаулықты ана.



ОҚЫРМАН ОЛЖАСЫ

Тілші кітабының тұсаукесері

Төксан бір жылға таяу тарихы бар Арал аудандық «Толқын» газетінің әр жылдардағы белсенді тілшілері, белгілі авторлары болғаны аян. Солардың бірі – бұрынғы Көкқарал елді мекенінің түлегі, өмірінің соңғы жылдарында Ақбасты ауылында жастық шағын өткізген, осы газеттің штаттан тыс тілшісі атанған Айдос Құлманов болатын.



Небәрі 44 жасында өмірден өткен ол ауыр наукаспен алыса жүріп, ғұмырының соңғы сәтіне дейін қолынан қаламын тастамаған талантты қаламгер еді. Оның есімі газеттің жетпісінші-сексенінші жылдардағы аға бұын оқирмандарының жадында сақтаулы екеніне ешқандай шүбәміз жоқ.

Жуырда шалғайдағы Ақбасты ауылдық клубында ауыл тілшісі болған Айдос Құлмановтың «Өмір күнделіктері» атты кітабының тұсаукесер рәсімі өтті.

Бұл шараны немере қызы Назия Темірғалиева жүргізіп, қаламгер атасының өмірі мен шығармашылық жолы туралы кеңінен баяндады. Мұнан соң осы кітапты құрастырған алматылық ғалым, филология ғылымдарының кандидаты, белгілі ақын Серікбай Қосанов кітапқа А.Құлмановтың осыдан қырық-елу жыл бұрынғы басылым беттерінде жарық көрген әртүрлі тақырыптағы мазмұнды мақалалары, ойлы очерктері, сырлы суреттемелері, отты өлеңдері, ой-толғамдары топтастырылып, «Университет» баспа-

А.БИСЕНОВ

«Алаңжар» – айтары бар туынды

Жаңа кітап жарыққа шықты десе елең ете қаламыз. Өйткені шығармашылық еңбектің азабы мен ғажабы бірдей екенін жақсы білеміз.

Ғазиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы»



Әу баста бар адам ретінде осы кітапты ұсына отырып, оқырманға айтарым, өлеңдерімнің бәрі бірдей төрт ағын тең басқан жорғадай мінісі дей аламын. Өрине, кемшіліктерім бар. Осы ретте басты ұстанымым Шәкәрім қажының «Сонған ойды жандандыруға жан беретін сөз керек» деген пікірі болып отыр. Кітаптағы өлеңдер осындай міндет тұрғысынан табылып, қалдеге жараса, менің жүріп өткен жолдарымнан қоламта іздері болып қалып жатса нұр үстіне нұр».

Кітапты парақтап, шолып шықсаңыз, автордың бұл сөзіне шүбә келтірмейсіз. Мәнді де мағыналы тақырыптарды арқау еткен туындылар оқырманға ой салып, көңіл төріне тәлім-тәрбиенің ұшығын ұялатады.

Аймақ журналистикасының алдының бұйы өкілі, ардагер журналист Бейбітбек Бүркітбайұлының «Алаңжар» деп аталатын кітабы қолымызға тиді. Кітаптың аты айтып тұрғандай, қарапайым өмірдегі адамгершілік қатгидаларының өзгеріске ұшырап, адам бойында мейрім-шапағаттың азайып бара жатқанына қаламгердің көңілі алаң екенін аңғардық. Автор өзіндік ой-орамын өлең жолдарымен өрнектей келіп, адамзат бойынан қазық қалпымызға тән имандылық, адалдық, қарапайымдылық сияқты ізгі қасиеттерді іздейді.

Иә, кітап туралы автордың өзі былай деп жазыпты: «Рухани саланың өкілі ретінде журналисті жұртшылық көп жағдайларда ұлт құндылықтарының шырақшысы деп айтатыны бар. Бірақ көңілінің түбінде сәулесі

«керегі жоқ» мектептердің қатарына жатқызып болатын.

Қазақ жерін XIX ғасырдағы асықтай отарлауға арналған «Сібір қазақтары туралы жарғы» халқымыздың рухани істерін ғана басқару емес, ішкі саяси мәселелеріне де араласып, бір-біріне айлап салудың сойқан саясатын қолдаған патша үкіметі халқымыздың саяси тұрғыда бірігу факторын да тежеді. Жерімзді губернияға, уезге, болысқа бөліп, іштен шыққан шопак белсенділерді де өз мүдделеріне жақсы пайдаланды. Бірақ қазақ даласындағы 1837-1847 жылдары орын алған Кеңесар, 1836-1837 жылдардағы Исатай мен Махамбет бастаған азаттыққа ұмтылған көтерілістер бұл жарғының түбегейлі жүзеге асуын кешейтінді.

«СБ» ақпарат

айла болатын. 5 жылға дейін салалар босатып, одан кейін ғұмыр бойы болады деген ұстау Ресей үшін табылған ақыл болды.

Ал, осы жарғының VI бөлімі қазақтардың рухани ісін басқаруға арналды. Бөлімдегі баптардың негізгі мазмұнында қазақтардың рухани істері Ішкі істер министрлігіне бағынышты азаматтық басқармалардың молдалары арқылы бағынышты болады деп жазып отырып, ресми түрде Орынбордағы мұсылмандардың жиналысына қоспаған. Оның себебі Орынборда жиналатын татар-башқұрт, ноғай секілді түркі халықтарымен қазақтардың жақындасып, рухани бірігуіне жол бермеу болатын.

Жарғының VII бөлімінің 250-254-баптары түгелдей дерлік медициналық жағдайға арналған. Онда уездік дәрігерлердің қазақтар ара-

сында асқынған аурулар таралғанда шаралар қабылдауға рұқсат етіледі делінген. Қазақтарға әскери немесе азаматтық ауруханаларда қаралуға рұқсат етілді. Айта кетерлігі, медициналық көмек жөнінде қағаз жүзінде жазылған осы заңды кейіннен қазақтардың орныша оқыған, сауатты жандарының өздері ғана жүзеге асырды. Алыстан орыс келіп, қазақты емдемесі анық еді.

Қазақтардың мұсылманша білім алуына бас қатырғысы келмеген патша үкіметі VIII бөлімді дала мектептері туралы деп атап, оны бір ғана баппен төмамдапты. Сондағы айтқаны дала мектептері туралы мәселелер олардың ішкі заңдарымен шешіледі деп қысқа қайыраған. Әлі де болса Ислам дүниесі мен көпшілікті халықтың дүниетанымынан бейхабар отаршыл үкімет дала мектебін шынымен де

ТАРИХТА ОСЫ КҮНІ

199 жыл бұрын қабылданған жарғы

Бүгін – қазақ халқы Ресей империясына толығымен тәуелді еткен 1822 жылғы «Сібір қырғыздары (қазақтары) туралы жарғы» қабылданған күн. XIX ғасырдың 20-жылдарына қарай патша үкіметі қазақ даласындағы хан билігін түбегейлі жоюға әрекеттер жасады. Қазақ хандарының билігін әлсіретіп, қазақ жерінде бас-басына хандар тағайындап, ыдырату саясатын бекем ұстады. 1812 жылы Бөкейді хан сайлап, 1815 жылы Үлдіді хан етіп екіжақтылыққа әкеп соқтырды.

Сонымен қатар, отаршыл империя 1820 жылдары орта жүз бен кіші жүз жерлерін өздерінің әкімшілік басқаруына ыңғайлы етіп бөліп тастаған еді. Ол кезде француздармен соғысты аяқтап болған Ресей өзін мықты әскери держава ретінде көрсетіп, ендігі босаған әскери күшін отарлау саясатына пайдалануға әбден болатынын білді. Міне, осы себептердің барлығы Ресей үшін қазақ жерін кеңінен отарлауға жол ашты.

Осы жарғы бойынша басқару ісінде көптеген өзгерістер орын алды. Оның мақсаты қазақтарды отарлай түсу болатын. Жарғының 232-255-баптарының аралығы түгелдей қазақтардың ісіне қатысты. Мысалы, 235-бапта қалалық және селолық басшыларға бағынатын қазақтар 5 жылға дейін алымдар мен әскерден босатылатыны айтылған. Бұл қазақтардың көпшілі өмірін сыпайы түрде тоқтатып, бір орталықтан басқаруға жасалған нағыз

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес
KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифици-
катталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымыздар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.